

FTAMP 14.25.29

А.Ш. Стыбаева¹ (orcid - 0000-0001-6743-168X) – негізгі автор
Э.Ж.Амиркенова² (orcid - 0000-0003-0951-5230)

¹Пед. ғылым. канд., доцент, ² Магистр

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан
e-mail: ¹a.stybaieva@mail.ru, ²eamirkenova@mail.ru

<https://doi.org/10.55956/XKBB8655>

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАСЫН ДАМУЫ

Аңдатпа. Заманауи білім беру жүйесі ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес жағдай жасауға арналған, сондықтан авторлар мақалада жалпыға білім беретін мектеп жағдайында психикалық дамуы тежелген балалардың логикасын дамыту мәселесін қарастырған. Мектепке дейінгі ересек және мектеп жасындағы балалардың ойлауын, оның ішінде логикалық ойлауын, дамытуға ерекше мән беру қажет, себебі мектепте оқудың басталуымен ойлау басқа танымдық процестермен қатарлас негізгі процестің біріне айналады. Логикалық ойлаудың қалыптаспауы баланың алған білімінің толық болмауына әкеледі, өз кезегінде бұл жағдай оқу процесін қиындатады және оның тиімділігін төмендетеді. Психикалық дамуы тежелген балаларда ойлаудың көрнекі-бейнелі және ауызша-логикалық түрлері жақсы дамымағандықтан оларда үлкен қиындықтар туындайды. Біздің зерттеуіміздің практикалық маңыздылығы осы топтағы балалардың логикалық ойлау тәсілдерін (талдау, салыстыру, жіктеу, ұқсастықты анықтау, жалпылау, себеп-салдарлық байланыстарды түсініп, пайдалану), есте сақтау қабілетін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын, басқатырғыштарды шешуге қызығушылықтарын дамытуға арналған кешендік бірлескен сабақтарды даярлаумен анықталады.

Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері, психикалық дамуы тежелген балалар, логика, дамыту.

Кіріспе. Бүгінгі таңда сапалы білім алуға қолжетімділік жағдайларын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін қайта құру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады.

Инклюзивті білім беру – барлық балалардың сапалы білімге қолжетімділігін және олардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында кедергілерді жоюға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқу қызметіне басқалармен тең дәрежеде қосуға бағытталған процесс. Ерекше білім беру қажеттіліктері-әр оқушының оқуында сәттілікті қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістер көмегімен жүзеге асырылатын оқу процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік [1].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Қазақстандық ғалымдар З.А. Мовкебаева, Г.С. Оразаева, А.Н. Аутаева, З.Н. Бекбаева және басқалардың инклюзивті білім беру проблемасына көзқарастарын талдау ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу кезінде, оның ішінде психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балаларды оқыту мен тәрбиелеу кезінде жалпы, ерекше (бұзушылықтардың әртүрлі түрлері) дамудың заңдылықтары

мен жеке ерекшеліктерін ескеру қажет екенің көрсетті. Бұл процесте осы балаларды қоршаған білім беру ортасы, сондай-ақ оқыту әдістері маңызды рөл атқарады [2].

Жалпы білім беретін мекемелерде, яғни инклюзивті ортада оқыған кезде ПДТ балалар құрдастарымен қарым-қатынас жасайды, қалыпты ортада өзара әрекеттесу дағдыларымен алмасады және топтық оқу іс-шараларына қатысады. Инклюзивті сыныптарда оқитын дамуында ақауы жоқ балалар жақсы деңгейде қалыптасқан дағды мен біліктерге ие болады, яғни, мұндай жағдай ерекше балалардың жеке қалыптасуына оң әсер етіп, балалардың қарым-қатынас пен мінез-құлық дағдыларын тезірек дамытады. Осылайша, инклюзивті білім беру ерекше баланы жалпыға білім беретін мекемелерде қолжетімді оқыту, оның қоғамнан оқшаулануы, қарым-қатынас шеңберін шектеу мәселелерін шешеді [3].

Ғалымдар мен практиктер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың логикасын дамыту мақсатында қосымша бірлескен іс-шараларға тарту инклюзивті білім берудің тиімділігін едәуір арттыратынын жиі атап өтеді. Психикалық дамуы тежелген балалардың логикасын дамыту көбінесе белгілі бір іс-әрекеттің, соның ішінде оқу іс-әрекетінің сәттілігін көрсетеді.

ПДТ - баланың психикасының қалыптасуының қалыпты қарқынының бұзылуы, ол ақыл-ой, эмоционалдық саланың дамымауымен, белгілі бір жас санаты үшін нормативтік көрсеткіштерден есте сақтау мен зейін деңгейінің артта қалуымен ерекшеленеді [4].

Әдетте, ПДТ диагнозы 5-6 жасында, негізінен мектептің бастауыш сыныптарында, белсенді оқытудың басталу кезеңінде қойылады.

ПДТ психологиялық-педагогикалық категория ретінде тек мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасында қолданылады; егер осы кезеңнің соңында психикалық функциялардың дамымау белгілері қалса, онда конституциялық инфантилизм туралы айтады немесе басқа да жағдайларға сәйкес тиісті терминдер қолданылады.

Психикалық дамудың тежелуі себептерінің екі негізгі тобы бар: биологиялық және әлеуметтік.

ПДТ себептері келесідей:

1. Биологиялық:

- жүктілік патологиясы (ауыр токсикоздар, жатыршілік инфекциялар, интоксикация, жарақаттар, қан жүйесіндегі қақтығыстар), ұрықтың жатыршілік гипоксиясы;
- шала туылу;
- босану кезіндегі асфиксия және жарақат;
- баланың дамуының алғашқы кезеңдеріндегі жұқпалы, зақымдаушы, ауыр созылмалы соматикалық аурулар;
- көру және есту ақауларына байланысты сенсорлық депривация;
- генетикалық аурулар (тұқым қуалайтын метаболикалық аурулар, инфантилизм мен олигофренияның тұқым қуалайтын түрлері, гендік мутациялар және т.б.).

2. Әлеуметтік:

- баланың қалыпты дамуына ұзақ мерзімді шектеу қою;
- тәрбиенің қолайсыз жағдайлары, баланың өмірінде жиі орын алған психотравматикалық жағдайлар;
- педагогикалық немқұрайлылық [4].

Зерттеу нәтижелері. Бақылау нәтижелері бойынша - көпшілік көбіне психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалар мен мектеп оқушыларын «ерке» бала деп қабылдайды. Мұндай балалар аса ұмытшақтығымен, шашыраңқы зейінімен, сабақтың тақырыбынан аутқып, басқа оқушыларға кедергі келтіруімен мінезделенеді. Сабақта мұндай балалар өз беттерінше сөйлеп, жүріп немесе ойнап кетеді. Көбінесе олар іс-әрекетке баяу қосылады, тапсырмаларды шатастырады, ойларын нақтылап, тапсырмаға шоғырлана алмайды. Балалардың іс-әрекетінің өнімділігі мен ауызша-логикалық ойлау процесі зардап шегеді, себеп-салдарлық байланыстар жүйесі бұзылады [5].

Бірінші сынып оқушысының психикалық дамуы тежелгендігі туралы келесі көрсеткіштер орын алғанда күдіктенуге болады:

- бала ойындардың ережелерін түсінбейді;
- есепті, оқуды, жазуды әрең меңгереді;
- өз әрекеттерінің мақсатын ұмытады, жоспарларын импульсивті түрде өзгертеді, тапсырмаға назар аудармайды;
- интеллектуалды белсенділікті талап еткенде эмоционалды және тіпті физикалық азапты бастан кешіреді;
- әр түрлі жағдайларда мінез-құлық ережелерін игере алмайды;
- орынсыз эмоцияларды көрсетеді (бір нәрсені бөлісу қажеттілігі туындағандағы ашуланшақтық, драмалық жағдайда себепсіз мәз-мәйрам болу немесе күлу);
- құрдастарымен қарым-қатынас жасауда қиындықтар туындайды;
- үнсіз, күнделікті өмірде тәуелсіз емес [6].

Психикалық дамуы тежелген балаларда күрделі логикалық ойлау процесі зардап шегеді. Олардың көрнекі-әрекеттік ойлауы қалыпты дамып келе жатқан балалармен бірдей болады, ал көрнекі-бейнелі ойлау барлық балаларға қол жетімді емес. Бұл санаттағы балалар арасында берілген тапсырманы орындайтындар да, толық орындай алмайтындар да кездеседі.

Психикалық дамуы тежелген балалардың ауызша-логикалық ойлауының қалыптасуы аса үлкен қиындықтармен жүреді. Балалар тапсырманың маңызды және маңызды емес бөліктерін ажырата алмайды, олар үшін ең бастысы нақты-тұжырымдамалық емес, көрнекі-әрекетті ойлау болып келеді. Балалардың бұл санаты ойлаудың инерттілігімен де ерекшеленеді.

Осыған байланысты, балалар логикасын дамыту үшін қосымша бірлескен жұмысты ұйымдастыру аталған мәселені шешуде үлкен маңызға ие.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Бүгінгі таңда әрбір индивидтің және тұтастай қоғамның логикалық ойлауын дамытуға аса көп көңіл бөлінуде. Уикипедияға сәйкес, «логика» – бұл «дұрыс ойлау туралы ғылым», ежелгі грек тілінен аударғанда «ақыл», «ой», «түйсік» – дегенді білдіреді.

Барлық ойлау процестерінің бір-бірімен тығыз байланысты екені және оларды бір-бірінен бөліп жарып қарауға болмайтыны бұрыннан да белгілі жайт. Бала белгілі бір іс-әрекеттерді қарастырады, тыңдайды, орындайды, талдайды, ақылға салады, ойлап табады, дәлелдейді, жоққа шығарады, заңдылықтарды анықтайды және т.б.

Психикалық дамуы тежелген баланың логикасын дамыту барысында біз балаға себеп-салдардың байланысын анықтауды үйреттік және болып жатқан жағдайды талдау қабілетін қалыптастыруға тырыстық. Логиканы

дамытуға арналған сабақтарда балаға тек дидактикалық материалдарды даярлап, ұсынып қана қоймай, олардың логикалық ойлау дағдыларын дамытуға жағдай жасауды да ұмытпадық. Сол себепті экспериментке қатысқан ересек адамдар баламен жұмыс істеу барысында балаға өз ойын анық жеткізуге, бір нәрседен алған әсерін бөлісуге, қойылған «Қайда? Қалай? Неге? Не үшін? Егер де... Не болады?» және т.б сұрақтарға нақты жауап беру дағдыларын жетілдіруге көмек беріп отырды. Мысал ретінде зейінді шоғырландыру және ұқсастықтар мен айырмашылықтар табуға арналған қосымша сабақтың тапсырмаларын қарастырайық.

Тақырып: Зейінді шоғырландыру. Ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Мақсаты: психикалық дамуы тежелген балалардың логикасын дамыту.

Міндеттері: қағаз бетін бағдарлай білуге, зейінді шоғырландыруға, қойылған сұрақты түсінуге және оларға жауап беруге үйрету. Қоршаған заттардың атауларын бекіту. Естіп қабылдауды, бейнелерді сипаттауға деген қызығушылықты, ересек адамның сұрақтарының көмегімен айырмашылықты табу біліктерін жетілдіру. Білімқұмарлыққа, ересек адамдардың жетегімен тапсырмаларды орындауға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: бір парақта бейнеленген үш айырмашылығы бар қос суреттер (жоғарғы қатарда гүл шоқтары салынған құмыралар; екінші қатарда – үстел, шам және кітап; парактың төменгі жағында рефлексияға арналған бұлттар мен күннің суреті).

Өткізуге арналған нұсқаулық: «Айырмашылықтарды тап және оларды ата».

Қоюға арналған сұрақтар.

- Жоғарғы қатарда ненің суреттерін байқадың? (Жоғарғы қатарда гүл салатын құмыра мен гүл шоқтары бейнеленген).

- Гүл салынған құмыралардың жанында не тұр? (Бірінші гүл шоқтары салынған құмыраның жанында қарбыз, екінші құмыраның жанында қауын тұр).

- Суреттерді бірдей деуге болады ма?

Педагог жетекші сұрақтар арқылы балаларды бейнелерді өзара анықтауларына жағдай жасайды.

Егер балалар айырмашылықтарды тауып және оларды өз беттерінше атайтын болса, онда педагог олардың жауаптарын дұрыс құруға, айтып берулеріне көмек береді.

- Гүл шоқтары салынған құмыраларға мұқият қараңдар. Әр құмырада неше гүл бар?

- Гүл шоқтарының арасында қандай айырмашылық бар?

- Құмыраларды салыстырып көрейік, нені байқап тұрсыңдар?

Педагог қорытындылайды: «Біз үш айырмашылықты анықтадық: құмыралардың өрнектері әртүрлі; бірінші құмырадағы гүл шоқтарының барлығы көгілдір түсті. Екінші құмырадағы гүл шоқтарының ішінде бір қызғылт түсті гүл бар. Бір суретте - қауын, екінші суретте - қарбыз бейнелеген.

- Екінші қатардағы суреттерден нені көріп тұрсыңдар? (Үстел, орындық және шам).

- Үстел не үшін керек? (Орындық және шам ше?)

- Үстел үсті шамын қай уақытта жағады?

- Небайқадыңдар? Суреттерді бірдей деуге болады ма?

- Айырмашылықтарын атаңдар.

Педагог балалардың дұрыс жауап берулеріне көмектеседі. Балалар айырмашылықтарды таба алмаған жағдайда педагог көмекші сұрақтардың көмегімен балалардың белгілі бір бөліктерге көңіл бөліп, оларды атауларына жағдай жасайды.

Педагог міндетті түрде қорытынды жасайды: балалардың анықтаған айырмашылықтарын атайды. (Бірінші суретте үстел үстінде кітап жоқ, ал екінші суретте кітап бар. Бірінші суреттегі үстел үстінде шам жанып тұр, ал екінші суретте олай емес. Бірінші суреттегі үстел жанында орындық тұр, ал екінші суретте ол жоқ).

Рефлексия. Парақтың төменгі жағындағы суреттерге назар аударыңдар. Ол жерде көңілді, жылы күн, мұңды бұлт, байсалды күйдегі бұлт суреттері салынған.

- Қай сурет сендерге ұнайды? Егер, сендердің көңіл-күйлерің жақсы болса, онда күнді дөңгелектеп қоршаңдар, егер көңілсіз болсаңдар, онда мұңды бұлтты дөңгелектеп қоршаңдар. Ал егер қатты көңілді емесің десендер, онда байсалды күйдегі бұлтты дөңгелектеп қоршаңдар.

Педагог балаларды орындаған жұмыстары, айырмашылықтар мен ұқсастықтарды таба білгендері, зейінді болғандары үшін мақтап-мадақтайды.

«Топтастыру және ерекшелік» тақырыбында тағы бір сабақтың мазмұнын қарастырайық.

Мақсаты: психикалық дамуы тежелген балалардың логикасын дамыту.

Міндеттері: топтастыру белгілерін анықтау және артық затты табу біліктерін қалыптастыру, байқағыштықты, тілдерінде жалпылаушы сөздерді қолдану дағдыларын дамыту. Төзімділікке, білімқұмарлыққа достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: бір парақта бейнеленген үш топ сурет (жоғарғы қатарда ойыншық мәшине, ұшақ, кеме және коньки; екінші қатарда – шалғам, шалқан, өрік және пияз; үшінші қатарда – тон, телпек, шолақ шалбар, қолғап; парақтың төменгі жағында рефлексияға арналған жұлдызшалар.

Өткізуге арналған нұсқаулық: «Артық затты тап. Өз таңдауыңды түсіндір».

Қоюға арналған сұрақтар:

- Бірінші қатардағы заттарды ата. (Бұлар - мәшине, ұшақ, кеме және коньки).

- Қай зат артық болуы мүмкін? (Коньки артық, себебі басқа заттар ойыншықтар. Конькиді қарындашпен қоршап қоямыз).

- Мәшине, кеме, ұшақты бір сөзбен қалай айтуға болады? (Олар көліктер).

- Екінші қатардағы суреттерді қараңдар және оларды атаңдар. (Олар шалғам, шалқан, өрік және пияз. Өрікті дөңгелектеп қоршаймыз).

- Үшінші қатардағы заттарды рет-ретімен атайық. (Бұлар тон, телпек, шолақ шалбар, қолғап).

- Осы заттарды бір сөзбен атаңдар. (Бұлар киімдер).

- Қай зат артық болуы мүмкін? (Шолақ шалбар – жаз киімі, ал тон, телпек және қолғап – олар қыстың киімдері). Шолақ шалбарды дөңгелектеп қоршаймыз.

Рефлексия. Жұлдызшалардан қандай көңіл-күйлерді көріп тұрсыңдар? Көңіл-күйлерің қай жұлдызшаға ұқсайды? Сол жұлдызшаны қарындашпен қоршап қойыңдар. Педагог балалардың жауаптарының дұрыс құрылуына көмек көрсетеді. Қосымша сұрақтар қоюға болады: «Жерде қандай

көлік түрімен жүріп-тұруға болады? Ал суда қандай көлік түріне міне аламыз. Теңізге саяхатқа шығу үшін қандай көлік түріне отырсаң болады? Қай көлік түрі ең жылдам? Әуеде қандай көлік түрімен жүруге болады?

Жоғарыда көрсетілген тапсырмаларда педагогтерге көмек ретінде қосымша сабақтың мақсат, міндеттері мен жеке немесе топтық жұмыс өткізуге арналған қысқаша ұсынымдар берілген. Сондай-ақ, ойын түрінде берілген рефлексия мен ондағы үлгі сұрақтар балалардың ұсынылған материалдарды меңгеру дәрежесін түсінуге және оған қатынасын анықтауға көмек береді.

Қорытынды. Біз әзірлеген тапсырмалар қабылдауды, зейінді шоғырландыруды, есте сақтауды, ойлау логикасын және қол машықтарын дамытуға бағытталып берілген. Әр баланың қабылдауы, өмірлік тәжірибесі мен психо-физиологиялық қасиеттері әртүрлі. Сондықтан, берілген тапсырмаларды бір бала жеңіл орындаса, басқасында ол қиындықтар туғызуы мүмкін. Осы мәліметке сәйкес, ересек адамдар, төзімділік таныта отырып, әр баланың белгілі бір нәтижеге жетуіне мейлінше көмек көрсетулеріа қажет екенін түсінгені абзал.

Психикалық дамуы тежелген баламен жеке немесе топтық жұмыс ұйымдастыру барысында мейірімділік қарым-қатынасын ұстана отырып, ойын жағдаяттарын пайдаланудың, тапсырмаларды баланың даму деңгейіне және жас шамасына лайықтап, оларды шаршатпайтындай етіп ұсынудың маңызды екенін ескерген жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. Ералиева, Х.С. Внедрение инклюзивного образования в Казахстане [Текст] / Х.С. Ералиева // Инновационные педагогические технологии: материалы IV Международной научной конференции. – Казань: Бук, 2016. – с. 118-123.
2. Мовкебаева, З.А. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдердің жұмысқа дайындығын қалыптастыру моделі [Мәтін] / З.А. Мовкебаева, И.А. Оралканова, Б.Маженов, А. Бейсенова, О.Беленко // Экологиялық және ғылыми білімнің халықаралық журналы.– 2016. – №11.– 96-104 б.
3. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың оқыту үдерісіне тиімді әдістер мен технологияларды енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу [Мәтін] Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 216 б.
4. Епифанцева, Т.Б. Настольная книга педагога-дефектолога [Текст] / Т.Б. Епифанцева. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2007. – 458 с.
5. Кушербаев, А. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері [Мәтін] / А. Кушербаев // Дефектология. – 2011. – №3. – б. 17-21.
6. Психикалық дамуы тежелген балаларға білім беру және түзете-дамыту жұмыстарының ерекшеліктері [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://artpsy.kz/psihikaly-damuy-tezhelgen-balalar-a/> Жүгінген күні: 14.04.2023

Материал редакцияға 18.09.23 түсті.

А.Ш. Стыбаева¹, Э.Ж.Амиркенова²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

²Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Қазақстан

РАЗВИТИЕ ЛОГИКИ ДЕТЕЙ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития логики у детей с задержкой психического развития в условиях общеобразовательной школы, так как современная система образования призвана создать условия, отвечающие возможностям и нуждам учеников особыми образовательными потребностями. Развитию мышления, в том числе и логического, в старшем дошкольном и школьном возрасте отводится особая роль. С началом обучения в школе мышление становится одним из ключевых аспектов среди других познавательных процессов. Несформированность логического мышления приводит к тому, что усваиваемые ребенком знания оказываются неполными, что осложняет процесс обучения и снижает его эффективность. Наибольшие трудности возникают у детей с задержкой психического развития, у которых наблюдается отставание в наглядно-образном и словесно-логических формах мышления. Практическая значимость нашего исследования заключается в том, что мы разработали комплекс совместных занятий для данной категории детей, направленный на обучение приемам логического мышления (анализ, сравнение, классификация, аналогия, обобщение, установление причинно-следственных связей), развитию памяти, внимания, мелкой моторики рук, интереса к решению головоломок.

Ключевые слова: инклюзивное образование, особые образовательные потребности, дети с задержкой психического развития, логика, развитие.

A.Sh. Stybayeva¹, E. Zh. Amirkenova²

¹Eurasian National University named after L. N. Gumilev, Astana, Kazakhstan

²Taraz regional university named after M. Kh. Dulaty, Taraz, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF LOGIC IN CHILDREN WITH MENTAL RETARDATION

Abstract. The article deals with the problem of logic development in children with mental retardation in a comprehensive school, as the modern education system is designed to create conditions that meet the capabilities and needs of students with special educational needs. The development of thinking, including logical thinking, plays a special role in the senior preschool and school age. With the beginning of school, thinking becomes one of the key aspects among other cognitive processes. The lack of consistency of logical thinking leads to the fact that the knowledge acquired by the child turns out to be incomplete, which complicates the learning process and reduces its effectiveness. The greatest difficulties arise in children with mental retardation, who have a lag in visual-figurative and verbal-logical forms of thinking. The practical significance of our research lies in the fact that we have developed a set of joint classes for this category of children, aimed at teaching methods of logical thinking (analysis, comparison, classification, analogy, generalization, establishment of causal relationships), the development of memory, attention, fine motor skills of hands, interest in solving puzzles.

Keywords: inclusive education, special educational needs, children with mental retardation, logic, development.

References

1. Eralieva Kh.S. Vnedrenie inkluzivnogo obrazovaniya v Kazakhstane [Introduction of inclusive education in Kazakhstan] / H.S. Eralieva // Innovative pedagogical technologies: materials of the IV International Scientific Conference. – Kazan: Buk, 2016. – p. 118-123. [in Russian]
2. Movkebaeva Z.A. Inklyuzivti bilim beru zhařdaiynda mұřalimderdiң zhұmysqa daiyndyғyn qalyptastyru modeli [Model of the formation of teachers ' readiness for work in the context of Inclusive Education] // International Journal of environmental and scientific education. - ISSN: 1306-3065. – 2016. – №11. – p. 96-104. [in Kazakh]
3. Erekshe bilim beriluiне qazhettiligi bar balalardyң oқyту yderisine tiimdi әdister men tekhnologiialardy engizu boiynsha әdistemelik ysynymdardy әzirleu [Development of methodological recommendations for the introduction of effective methods and technologies in the learning process of children with special educational needs]. - Astana: National Academy of Education named after I. Altynsarin, 2019. – 216 p. [in Kazakh]
4. Epifantseva T.B. Nastolnaya kniga pedagoga-defektologa [The handbook of the teacher-defectologist]. – Rostov-on-Don: Phoenix, 2007. – 458 p. [in Russian]
5. Kusherbaev A. Psikhikalyқ damuy tezhelgen balalarmen zhыrgiziletin tyzete damy-tu zhұmystarynuң erekshelikteri [Features of correctional and developmental work with children with mental retardation. – 2011. - №3. - p. 17-21. [in Kazakh]
6. Psikhikalyқ damuy tezhelgen balalarға bilim beru zhәne tyzete-damytu zhұmystarynuң erekshelikteri. Features of educational and correctional and developmental work for children with mental retardation [Electronic resource]. - Access mode: <https://artpsy.kz/psihikaly-damuy-tezhelgen-balalar-a/> [in Kazakh]